

егемен

Қазықаспан

Астана мен Париж арасы жақындай түседі

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жұмыс бабындағы сапармен Франция астанасы Парижге келді. Мұнда Мемлекет басшысы осы елдің Президенті Н.Саркозиге жүздесіп, «Альстом», «Обер э Дюваль», «Эр Ликид» сияқты ірі де іргелі компаниялар басшыларымен екі жақты кездесулер өткізді. Сауытбек Абдрахманов – Парижден.

Осыдан дәл 35 жыл бұрын, 1976 жылғы күзде жас журналист кезімізде Ленинградқа алғаш рет жол түсіп, Эрмитажды қатарынан үш күн бойы аралағанымыз бар еді. Ғажайып полотнолар, тамаша мүсіндер алдында ұзақ аялдаған сәттерде сол сұлулықтың бәрі дерлік еуропалықтардың қолынан шыққаны жайында ойға бататынбыз. Ұлы суретшілер өмір кешкен сол елдерді барып көрсе ғой деп те қиялдайтынбыз. Өзімізге өзіміз темір шымалдық орнатып алғанның салдарынан ол кезде біздің ел көрсек, жер көрсек деген мақсаттарымыз жүзеге асқан жоқ. Жылдар бойы Еуропа бізге ерекше елдердің елесі күйінде келді. Еуропаға есікті бізге Тәуелсіздік ашып берді. Айналасы жиырма жылға да жетпейтін кезеңде біз баяғыда бір көрсек дейтін сол кәрі құрлықтың есігінен кіріп, ішіне орнығып қана қоймай, төріне шығып та үлгердік. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сынды аса беделді ұйымға табысты төрағалық жасап қана қоймай, ол ұйымның 11 жылдан бері шақырылмай келе жатқан Саммитін өткізіп те бердік. Еуропа Одағының ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың ең белді мүшелерінің бірі де, бірегейі де – Франция. Оның неге олай болатынын көзі қарақты оқырманға айтып жатудың өзі артық. Францияның аты – Франция. Париждің аты – Париж. Француз Республикасының әлем істерінде қандайлық орасан орны бар екенін ел астанасы Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы, Батысеуропалық одақ ассамблеясы, Халықаралық энергетикалық агенттік, Страсбургте Еуропа Кеңесі мен Еуропа Парламенті, Лионда Қылмыстық полиция халықаралық ұйымының Бас хатшылығы (Интерпол) орналасқанының өзі-ақ аңғарта алады. Он тоғызыншы ғасырдағы бір француз саяхатшысы қазақтарды «Азияның француздары» деп атаған екен. Содан шығарып Асқар Сүлейменовтің француздарды «Еуропаның қазақтары» дегенін өзіміз естігенбіз. Расында да, біздің менталитетімізде Еуропаның қаскөз тәртіпіндегі осы халықпен ұқсастық баршылық сияқты. Елбасымыздың тәуелсіздік жылдарында Франция лидерлерімен тығыз қарым-қатынасы тез орнай қалғанын осындай ортақтықпен де түсіндіруге болатындай.

Нұрсұлтан Назарбаевпен адамдық тұрғыдан жақын араласқан көрнекті саясаткерлердің бірі – Франсуа Миттеран. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Еуропаның ірі елін басқарған оны біздің Президент бөлекше ықыласпен атайды. «Франсуа Миттеран – нағыз француз. Қашан көрсең де сыпайы, көңілді, әзілге жүйрік қалпы. Сөйтіп жүріп, ауыр сырқат шекті.

Саяси тағдыры да шырғалаңдарға толы болды. Меніңше, бұл – француз саясатшыларының ерекше бір қасиеті. Бір жерде оқығаным бар: біреулер де Голльге оның бәсекелесі Франсуа Миттеранның беделін төгуге дайындалып жүргенін баяндапты. Сонда генерал: – Бір кезде республика президенті болуы мүмкін адамның намысына тиюге болмайды, – депті» – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» кітабында осылай жазылған. Франция – әбден саясиленген мемлекет. Солай екендігі Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылдың қыркүйегінде Францияға жасаған алғашқы сапарының алғашқы күнінде-ақ көрінген. Сол кездегі газеттерде барған беттегі баспасөз мәслихатында Елбасымыздың егемен Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттары туралы қойылған сұрақтарға қалай жауап бергені жазылды. Президент онда Қазақстан өзінің геосаяси жағдайына қарай Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан байланыстырушы буын санайтынын айтқан. «Әрине, қазақтар – мұсылмандар, олардың қазір осы мәдениетке бейімделіп тұрғаны табиғи нәрсе. Бірақ бұдан біз ислам жаққа қарай «қисая» кетуге дайынбыз деген әңгіме шықпауға тиіс. Біз барлық елдермен – Азия елдерімен де, Еуропа елдерімен де өркениетті саясат жүргізіп, екі жаққа тиімді саяси және экономикалық қатынастар орнататын боламыз. Біз үшін басты басымдық – адамның мүддесі, ұлттың мүддесі де осыдан басталады», деген. Нұрсұлтан Назарбаевты «ТМД-дағы ең қабілетті де беделді көшбасшы» деп атаған президент Ф.Миттеран Ресей, Қытай мен мұсылман әлемінің тоғысқан тұсында орналасқан Қазақстан Франция үшін маңызды әріптес болып табылады деп атап көрсетті. Нұрсұлтан Назарбаевтың елдің келесі президенті болған азаматпен – ол кезде Париж мэрі Жак Ширакпен таныстығы да сол сапар кезінде басталған еді. Бұл таныстық та кейіннен адамдық достыққа ұласты. 2005 жылғы наурызда біздің Елбасымызға жолдаған хатында Жак Ширак: «Мен өзіңізбен кездесулерімді әрдайым үлкен ілтипатпен еске аламын. Мен 1991 жылы Қазақстанда болған өзгерістерді Францияның маңызды әрі шешуші өзгерістер ретінде бағалайтынын айтқым келер еді. Алмағайып әрі аса күрделі жағдайда Сіздің еліңіз өзінің ұлттық құндылықтары мен ұзақ тарихына адалдығын сақтай отырып, сонымен қатар демократияның адамзат баласына ортақ қағидаттары мен құқықтық мемлекетке бейімдігін паш ететін мемлекет орнатудың айнымас жолына түсті. 15 жылдың ішінде Қазақстан тұрақты институттары мен серпінді экономикасы бар елге айналды. Ол сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың өңірлік және халықаралық деңгейдегі жауапкершілікті терең пайымдайтын мүшесі болды, мұны Сіздің көптеген бастамашылықтарыңыз, соның ішінде Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру және діндер мен мәдениеттер арасындағы үндесуді дамыту жөніндегі бастамаларыңыз айғақтайды, бұларға қатысты Франция өздеріңізбен әрдайым ынтымақтас екенін білдіреді. Қазақстан шынайы мақтан ете алатын үлкен жолдан өтті. Мұны небәрі бір кезең ғана деуіңіз арқылы да Сіз кеменгерлік көрсетіп отырсыз. Еліңізді заманаға лайық деңгейде орнықтырып, оның халықаралық аренадағы асқақ мұраттарын қамтамасыз ету үшін қажет санап, реформаларды жалғастыра беруге Сіздің бекем бел байлап отырғаныңызға

мен қуаныштымын», деп ақтарыла жазған. Жак Ширак демекші, біз алдыңғы күні үлкен олжаға кенелдік. Осында ресми түрде Бранли жағалауындағы музей деп аталатын, сол кездегі ел президентінің идеясымен, қолдауымен тұрғызылғандықтан (2006 жылы) Жак Ширак музейі аталып кеткен «примитивті өнер» музейінде Президент телерадиокешенінің бас директоры Ерлан Бекхожин, «Хабар» агенттігінің журналистері Нұрлан Оқаұлы, Берік Исенов, мен төртеуіміз жексенбі күні әлем мәдениетіндегі ерен оқиғалардың біріне куә болдық. Осында 21 маусымнан бері «Майяның інжу-маржаны. Гватемаланың ұлттық мұрасы» деген көрме өтіп жатыр екен, 2 қазанға дейін созылады екен. Бұл тақырыпқа арналған мұндайлық толық көрме (360 экспонат қойылған) Еуропада тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Үш айдан бері таусылып бітпеген келушілер кезегіне таң-тамаша қалдық. Әлде адамның көптігі біз барған күн жексенбі болғандықтан ба? Қалайда алған әсер бөлекше. Ауылға қайтқан соң біраз уақыттан кейін «Әлемге әйгілі» айдарының аясында осы музей жайында, жалпы майя мәдениеті туралы кеңінен әңгімелеп те қалармыз деп ойлаймыз.

Франция – Қазақстан алыс шетелдер арасынан Достық, өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойысқан алғашқы ел. Сол сапардан кейін бір жыл өткенде, 1993 жылы Франция Қазақстанға көмек ретінде 300 миллион франк көлемінде үкіметтік несие ашты. Қазақстан мен Франция президенттерінің мұнан кейінгі келіссөздерінің нәтижесінде экономикалық өзара іс-қимылдың нақты міндеттері алға қойылып, ынтымақтастықтың басым бағыттары келісілді, атап айтқанда, отын-энергетикалық кешенде, құрылыста, көлікте, геофизикада, агроөнеркәсіптік секторда, телекоммуникация саласында, әуе қозғалысын басқаруда, ақпараттандыруда, қымбат бағалы және сирек кездесетін металдарды өндіру мен өндеуде алынатын межелер белгіленді. Қазақстанмен ынтымақтастықтың Франсуа Миттеран бастаған, Жак Ширак қостаған жолын біраз жылдан бері бүгінде әлемдік саясатта көрнекті орын алатын тұлғаға айналған Николя Саркози жақсы жалғастырып жатыр. Франция Қазақстанмен Стратегиялық әріптестік шартына қол қойған Еуропадағы бірінші ел болғанын айтсақ та, Франция Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығын да, Астана Саммитінің идеясын да жақтағанын айтсақ та Астана мен Париждің арасы бұрынғы қай кездегіден де жақындай түскенін көре аламыз. Жақындай түскені емей немене, егер екі ел басшылары соңғы үш жылдың ішінде осымен үшінші рет ресми жолығып отырса. Саркози Астанаға 2009 жылдың қазанында барған, Назарбаев Парижге 2010 жылдың қазанында келген, енді міне, араға тұтас жыл түсірмей тағы келіп отыр (біз бұл жолдарды Парижде отырып жазғандықтан Саркозиді «барған», Назарбаевты «келген» деп жатырмыз, ал сіз керісінше оқысаңыз да болады). Екі ел үкіметтерінің басшылары – К.Мәсімов пен Ф.Фийон да барыс-келісін әбден жолға қойып алды. Жақындай түскені емей немене, егер өткен жылдың қорытындысы бойынша Франция Қазақстанның әлемдегі сауда әріптестерінің арасында төртінші орынға шығып, екі елдің арасындағы сауда айналымы 4,9 миллиард долларға жетсе. Жақындай түскені емей

немене, егер француздардың еліміз экономикасына құйған инвестициясы 5,5 миллиард долларды құраса, бізде француз капиталының қатысуымен тіркелген компаниялардың саны жүзден асып кетсе. Сауда айналымында Қазақстаннан көбіне мұнай, металл, химия, ауыл шаруашылығы өнімдері жөнелтіліп, Франциядан бізге электр, механика жабдықтары, дәрі-дәрмек, косметика, автомобильдер, құрылыс материалдары жеткізіледі, бір жағынан солай болуы заңды да. Әр елдің өз ерекшелігі, өз артықшылығы бар. Парижге парфюм апармайсың ғой енді. Кейінгі кезде қолға алынған ірі жобалардың арасынан «Тоталь» мұнай компаниясының Солтүстік Каспий жобасына қатысуын, француз инвесторларының Қашаған мұнайын Еуропа базарына тасымалдау үшін «Ескене-Құрық» мұнай құбырын тартуға қаржы құйғалы отырғанын алдымен айтуға болады. 2010 жылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен Францияның «Caisse des Depots et Consignations» мемлекеттік даму банкінің арасында меморандумға қол қойылғалы бері қаржы саласында жаңа перспективалар ашылып жатыр. Франция мен Қазақстанның арасындағы ынтымақтастықтың әдемі көріністерін кез келген саладан айта беруге болады. «Егемен Қазақстан» Мұстафа Шоқайдың бюсті Ножан-Сюр-Марн қаласына қойылғанын бұрын қуана хабарлаған. Бізді Орли әуежайынан күтіп алған елшілік кеңесшісі Мырза-Нәби Тұяқбаев қонақүйге жеткенше біраз ақпаратқа қанықтырып үлгерді. Сондағы айтқандарының арасынан бір ғана жайға назар аударта тұрмақшымыз. Осындағы белгілі биолог, режиссер Катерин Пэкс «Алма» деген халықаралық қауымдастық құрып, атақты Алматы апортын қалпына келтіруге әрекеттеніп жатыр екен. Бәрекелді, іске сәт дедік. Айтқандай, жақында Дін істері жөніндегі агенттік төрағасы Қайрат Лама Шәріп бір жолығып қалғанда осы «алма» сөзіне байланысты қызықты ойын ортаға салғаны бар. Әлем тілдерінің ішінде «алма» атауының әу бастағы, түпкі мағынасын тек түркі тілдері ғана сақтап қалған дейді ол. Жаратқан Иеміз Адам Ата мен Хауа Ананы жұмақтан не үшін қуған еді? Дұрыс айтасыз, тыйым салынған жемісті жегені үшін. Сол жеміс алма болатын. Алманы жеуге тыйым салғанда оны бұтақтан «алма» деген... Кім білсін. Халықтық этимология сияқты да көрінеді. Қайткенде де назар аударарлық ой. Қазақстан Президентінің Францияға бұл сапары бір күндік, жұмыс бабындағы сапар болды. Кеше түстен кейін сапар аясында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың екіжақты кездесулері өтті. «Альстом» компаниясының президенті Патрик Кронмен, «Обер э Дюваль» компаниясының президенті Жорж Дювальмен, «Эр Ликид» компаниясының аға вице-президенті Пьер Дюфурмен кездесулер кезінде экономикалық байланыстардың маңызды мәселелері талқыланды. Елбасының француз компанияларының басшыларымен кездесу кезінде еліміздің индустриялық-инновациялық дамуында Францияның озық тәжірибесі мен технологиясын қолданудың мәселелері жан-жақты қозғалды. Бүгінде француз әріптестермен бірлесіп, Қазақстанда радиоэлектроника құрастыру, титан құймаларын, жоғары сапалы цемент, азық-түлік өнімдерін шығару жолға қойылуда. Таяу уақыттың өзінде жер серіктерін, тікұшақтар, электровоздар, атом реакторлары үшін отын өнімін өндіру жолға қойылмақшы. Қазіргі таңда француз

компанияларымен бірлесе отырып, 22 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Олардың арасынан жалпы құны 440 миллион долларлық алты жоба жүзеге асты. Өскеменде француз аэробустарына жабдықтар шығару, Жамбыл облысында цемент зауытының құрылысы сияқты жобалар бар. Алдағы кезде қолға алынатын жобалардың арасынан Астананың жаңа көлік жүйесін жасауға француздардың араласатындығын айтуға болады. Сапардың басты іс-шарасы – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Француз Республикасының Президенті Николя Саркозидің келіссөзі Елисей сарайында өтті. Жылы шырайлы келіссөз барысында Н.Саркози Елбасымызды Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен құттықтап, осы кезең ішінде еліміздің елеулі сынақтарды еңсергенін, үздіксіз дамудың, сан түрлі этностық және діни қоғамдастықтардың жарасымды өмір сүруінің негізін қалағанын айтты. Осыдан жиырма жыл бұрын Семей ядролық полигонының жабылуы бейбітшілікті сақтауға жәрдемдесу, халықаралық тұрақтылық, қарусыздану және ядролық қаруды таратпау үшін аса маңызды әрекет болғаны арнайы атап көрсетілді. Келіссөз қорытындысы бойынша қабылданған Бірлескен декларацияда мемлекеттер басшылары екі елді біріктіретін стратегиялық әріптестік шеңберіндегі қатынастардың қарқынды дамуын қуаттады. Қазақстан-француз Президенттік комиссиясының және оның құрылымдық құраушылары – Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссия және Іскерлік кеңес осы қатынастарды өрістетуге мүмкіндік туғызатынын айтып өтті. Мемлекеттер басшылары Астана Саммитінің сәтті өтуінің маңызын атап көрсетті. Н.Назарбаев та, Н.Саркози де Біріккен Ұлттар Ұйымын, соның ішінде Қауіпсіздік Кеңесін реформалауды жалғастыруды жақтайтындарын білдірді. Президент Н.Назарбаев Францияның Үлкен жиырмалыққа төрағалығындағы бастамаларына қолдау көрсетті, Президент Н.Саркози Қазақстанның қуатты экономикалық дамуымен құттықтап, елде жүргізіліп жатқан әртараптандыру мен инновация саясатына үлкен табыс тіледі, бұл іске француз кәсіпорындары толыққанды қатысатынын айтты. Президенттер Ливияға байланысты қайта қалпына келтіру және таяуда басталған саяси өтпелі кезеңде ливия халқын қолдау үшін кең көлемдегі халықаралық жұмылдыруды сақтау қажеттігін қадап көрсетті. Осы тұрғыда Ислам ынтымақтастығы Ұйымының Ливия достары тобының жұмысына қатысуының маңыздылығын баса айтқан Франция Президенті Қазақстанды ИБҰ-дағы төрағалығымен құттықтады. Мемлекет басшылары өзара мүдделілік білдірілетін салалардағы ИБҰ, Еуроодақ және ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Париж уақытымен кешкі алтыдан өте, Астана уақытымен түнгі оннан өте біткен келіссөздегі қол жеткен уағдаластықтардың бәрін көзінен тізіп, ежіктеп айтып, езіліп отыра беретін жағдай жоқ. Сондықтан, біздің тарапымыздан «Самұрық-Қазына», «Қазатомпром», «Қазақстан Инжиниринг», «Қазақстан Ғарыш Сапары», «Қазақстан темір жолы» қатысатын көптеген ірі жобалар ойластырылып жатқанын айтумен шектелмейік. «Олар жүзеге асқанша қашан, олардан мына мен нақты қандай пайда көремін», дей қалсаңыз, екі елдің президенттері Астана

мен Париждің арасында тіке қатынайтын әуе қатынасының ашылғанын қалап отырғанын қосып айтайық. Президенттер қаласа ол ойдың орындалатынына сенеміз. Нұрсұлтан Назарбаев бүгін Америкаға ұшады. Елбасымыз онда қазір өтіп жатқан Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясына қатысып, сөз сөйлейді. Президент ұшағы сейсенбіде Нью-Йорктегі Дж.Ф.Кеннеди әуежайына қонған кездің өзінде Астанада түнгі сағат 12 болғалы тұр. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгін кешке өтетін кездесулерін Елбасымыздың БҰҰ мінберінен сәрсенбінің сәтіндегі сөзімен қоса әңгімелейтін шығармыз.